

БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

Аудио/видео контент жаттығуы

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/140501/

Аудио/видео контент жаттығуы

Жаңа жаттығулардан Аудио/видео контент жаттығуын таңдаймыз.

Жаңа жаттығу құру (Создать новое упражнение) батырмасын басамыз.

Жаттығу атауы(Название упражнение) кестесіне жаттығу атауын толтырамыз. Мысалы Ом заңы.

Тапсырма сипаттамасын(Описание задания) жазамыз.

Әрі қарай Видео батырмасын басып, youtube желісінен тақырыпқа қажетті видеоны іздейміз. Қажетті видеоның сілтемесін подпискиден көшіріп алып, осында қойып, бейнені пайдаланыңыз(используйте видео) басыңыз.

Сұрақтар(Вопросы) бөлімінде көрсетудің бастапқы уақытын (Время начало показа) қоямыз.

Жаттығуды таңдаудан(Выбрать упражнение) алдын-ала жасаған жаттығуымызды таңдаймыз.

Егер тағы жаттығу қосқымыз келсе, келесі элементті қосуды (+Добавить следующий элемент) басамыз. Бейнені қарап уақытына қарай, неше жаттығу қосқымыз келеді қоса береміз.

Аяқтау және алдын ала қарауда көрсету (Завершить и показать в предварительном просмотре) батырмасын басамыз. Ашылған терезеден жаттығуды сақтау батырмасын басамыз.

Сіз өзіңіздің жасаған жаттығуларыңызды студенттерге әлеуметтік желілерде(whatsapp) веб-сілтеме түрінде жібере аласыз немесе оны веб-сайтқа енгізе аласыз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.